




# ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫН ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, ОҚУ САБАҒЫН ӘЗІРЛЕУ бойынша әдістемелік ұсынымдар

*Тулеубаев Данияр Ергалиұлы,  
«Жезқазған индустриалдық-гуманитарлық  
колледжі» ЖММ әдіскері*

Қашықтықтан білім беру технологиялары оқытудың тұлғаға бағытталған тәсілдемесінің негізгі қағидаларын жүзеге асыру құралы болып табылады. Жалпы қашықтықтан білім беру дегеніміз – интернет, байланыс құралдарының көмегімен (интерактивтілік арқылы) іске асырылатын оқу үрдісінің барлық компоненттері көрініс табатын білім алушы мен оқытушы арасындағы қашықтықтағы мақсатты өзара әрекеттесуі.

Осы ретте қашықтықтан білім беру технологиялары арқылы жүзеге асырылатын оқу сабағының дәстүрлі аудиториялық сабақтан ықшамдылығы, мазмұндық жинақылығы және тұлғалық қатынастарға бағытталғандығымен ерекшеленсе де, оны жоспарлауда бірегей тәсілдерді қолданып, қағидаларды басшылыққа алудың қажеттігін көрсетеді.

Қашықтықтан оқыту шартында оқу сабағын жүргізу бойынша оқытушының іс-әрекетін келесідей кезеңдерге бөліп қарастырған жөн:

I	<p>Оқу сабағына дайындық</p> 	<p>1) жұмыс оқу бағдарламасы мен келешектік-тақырыптық жоспар бойынша сабақтың тақырыбы, мақсаты мен міндеттерін айқындау;</p> <p>2) сабақта қолданылатын оқу-дидактикалық материалдарды жинастыру, іріктеу;</p> <p>3) сабақ жоспарын әзірлеу;</p> <p>4) әзірленген сабақ жоспарының негізінде бейне сабақты әзірлеу;</p> <p>5) кері байланыс құралдарын әзірлеу;</p>
II	<p>Оқу сабағын жүргізу</p> 	<p>1) қашықтықтан білім беру технологиясы, платформасындағы кіріспе жұмыс;</p> <p>2) платформада теориялық материалды ұсыну;</p> <p>3) тұлғалық-бағытталған тәсілдемені жүзеге асыру;</p> <p>4) платформаның интерактивті құралдарын бақылау;</p>
III	<p>Оқу сабағын қорытындылау</p> 	<p>1) білім алушылармен кері байланысты жүзеге асыру;</p> <p>2) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау;</p> <p>3) сабақтан кейінгі консультациялық сүйемелдеу.</p>

Оқу сабағына дайындық кезеңінде келесідей ережелерді басшылыққа алу ұсынылады:

*1) жұмыс оқу бағдарламасы мен күнтізбелік-тақырыптық жоспар бойынша сабақтың тақырыбы, мақсаты мен міндеттерін айқындауда:*

- сабақтың тақырыбы Жұмыс оқу бағдарламасына, келешектік (күнтізбелік)-тақырыптық жоспарға (КТЖ) қатаң түрде сәйкес келуі тиіс;

- сабақтың мақсатын өзгертпей, білім берушілік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін қашықтықтан оқыту шарттарын сай бейімдеу;
- сабақта қарастырылатын оқу материалының мазмұндық жоспарын күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес сақтау;

## *2) сабақта қолданылатын оқу-дидактикалық материалдарды жинастыруда, іріктеуде:*

- сабақтың мақсаты мен міндеттеріне байланысты интернет-ресурстардағы қолданылуы мүмкін оқу-дидактикалық құралдарға шолу жүргізу;
- сабақта қолданылуы мүмкін материалдардың мазмұндылығына, рәсімделуіне, стильділігіне, отандық (аймақтық) спецификаны ескеруіне назар аудару;
- зерделенген оқыту құралдарының ішінен нақты оқу тобына, білім алушыларға қолданылуға келетін құралдарды іріктеп алу;

## *3) сабақ жоспарын әзірлеу:*

- сабақ жоспарын әзірлегенде нақты уақыт режиміндегі жұмыс уақытының 15 минутты құрайтынын ескеру;
- жоспардың мейлінше жинақылығын қамтамасыз ету;
- дәстүрлі сабақ кезеңдерінің барлығын мүмкіндігінше ескеру;
- білім алушылардың өз бетінше жұмыс жасауын қамтамасыз ететін материалдарды барынша кірістіру;
- оқу материалын өз бетінше тереңірек меңгеруге, қосымша зерделеуге мүмкіндік беретін әдебиеттер мен ресурстарға сілтемелер әзірлеу;

## *4) әзірленген сабақ жоспарының негізінде бейне сабақты әзірлеуде:*

- бейне сабақтың форматын тандау (бейнедәріс, аудио-видео-консультация, интерактивті презентация);
- бейне сабақты әзірлеу ортасын (орнын), құралдарын (видеоредакторларды) тандау;
- бейне сабақты әзірлеу барысында интерактивтілікті, мазмұнның дұрыстығын қамтамасыз ету;
- сабақ сабақ элементтерін топтастырып, біріктіру, бірізділікті қалыптастыру;
- қосымша әдебиеттер мен ресурстарға (жарамды) гиперсілтемелерді көрнекі етіп кірістіру;
- бейне сабақты қолжетімді ресурстарда (бейнехостинг, файл-серверлер) жариялау;

## *5) кері байланыс құралдарын әзірлеуде:*

- білім алушылардың кері байланыс ортану мақсатында сауалнамаларды (топтық, жеке) қолдану;
- кері байланыс құралдарын дайындауда берілген жауаптарды жүйелі талдаудың қажеттігін ескеру;
- орнатылған кері байланыс нәтижелері бойынша жиынтық мәліметтер әзірлеп, оларды кейінгі кезеңдерде қолдану;

## *Оқу сабағын жүргізуде мыныдарды ескерген жөн:*

### *1) қашықтықтан білім беру технологиясы, платформасындағы кіріспе жұмыста:*

- білім алушылардың сабаққа қажетті құралдарды алдын ала дайындауы бойынша жұмыстарды жүргізу;
- жұмыс қолайлығы үшін сабаққа қажетті құралдарды минималды ету;
- ұйымдастыру сәтін (білім алушыларды түгендеу, сабақ тақырыбы, мақсаты мен міндеттерін хабарлау) ықшамдау;
- білім алушыларды түгендеуде смайликтерді, «қол көтеруді» пайдалану;

### *2) теориялық материалды ұсынуда:*

- теориялық материалды ұсынуда презентацияларды аудиосүйемелдеу, демонстрация және бейнеролик көрсетумен жүргізу ұсынылады;

- ұсынылатын материал және оның аудио-бейне сүйемелдеуі нақты, толыққанды және ықшам болуы тиіс;
- ұсынылатын бейнематериалдың сапасы (кеңейтілімі, сурет өлшемі) жоғары болғаны дұрыс;

### *3) тұлғалық-бағытталған тәсілдемені жүзеге асыруда:*

- оқу материалдарын білім алушылардың жалпы және жекелеген тұлғалық даралығын ескере отырып ұсынған жөн;
- білім алушылардың барлығында бірдей заманауи смартфон немесе компьютерлік құрылғы кездеспейтіндігін ескеру қажет;
- білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескеру арқылы оқу материалының кейбір компоненттерін қайталау немесе басымдық бере отырып түсіндіру қажет;

### *4) платформаның интерактивті құралдарын бақылауда:*

- онлайн сабақтарды (бейне-конференц-байланыс) өткізу қосымшалары, платформаларында интерактивті құралдарды өз деңгейінде пайдалануға тырысу керек;
- сабақ барасында интерактивтілікті, яғни білім алушылардың кері байланысын тұрақты қадағалап, қойылған сұрақтарға толыққанды жауап берген жөн;
- ойды бөлуге, алаңдататын ақпараттарды болдырмау мақсатында интерактивтілік құралдарындағы топтық қарым-қатынас регламентін орнату қажет;

### *Оқу сабағын қорытындылауда келесілерді орындау қажет:*

#### *1) білім алушылармен кері байланысты жүзеге асыруда:*

- кері байланыстың сәтті жүзеге асырылуы мақсатында әлеуметтік желілерде (vk.com, mail.ru) немесе мессенджерлерде (WhatsApp, telegram, viber, aitu) пәндер бойынша чаттар ашу;
- пәннің, модульдің ерекшелігін ескере отырып кері байланыс регламентін орнату;
- кері байланыста ақпаратты жүйелі өңдеу мақсатында түрлі интернет қосымшаларды, кестелерді (мысалға google-кестені) қолдануға болады;
- кері байланыс бойынша барлық білім алушыларға тиісті жауап беру қажет;
- кері байланыста алынған мәліметтер бойынша өзіндік жұмыс сапасын арттыруға ұмтылу қажет;

#### *2) білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауда:*



- бағалаудың критерийлеріне оқу жетістіктерін сәйкес жүйесі туралы мәліметпен білім алушыларды алдын ала ақпараттандыру қажет;
- әр бағалауды қысқаша түсіндірген жөн;
- білім алушылардың бағалау нәтижелерін қашықтықтан оқыту платформасында уақытылы жүргізу керек;

#### *3) сабақтан кейінгі консультациялық сүйемелдеуде:*

- білім алушылардың өтініші бойынша жеке, жұптық, топтық консультацияларға әзір болу қажет;
- консультациялық сүйемелдеуде білім алушылардың тұлғалық және оқу қабілеттерін ескеру қажет.

Бейне сабақтардың маңызды компоненті болып ұсынылатын оқу материалы табылады. Осы оқу материалын (бейнероликті, презентацияны) әзірлеуде келесілерді басшылыққа алу ұсынылады:

	<b>Ұсынылмайды</b>	<b>Ұсынылады</b>	<b>Не себепті?</b>
Мәтін қарпі	<b>Times New Roman Calibri</b>	<b>Arial, Tahoma</b>	Егер мәтін қарпі қатаң фигуралы әріптерден тұрса, онда көзге аз жүктеме түсіп, материалды қабылдау сапасы артады
Мәтіндегі формулалар	$\tan \alpha = \sqrt[3]{N_k/b}$	$\Delta = \begin{vmatrix} a_{11} & a_{12} & a_{13} & \dots & a_{1n} \\ a_{21} & a_{22} & a_{23} & \dots & a_{2n} \\ \dots & \dots & \dots & \dots & \dots \\ a_{n1} & a_{n2} & a_{n3} & \dots & a_{nn} \end{vmatrix}$	Мәтіннің ішінде берілген формулалар техникалық ресімдеу талаптарына сай; тұрақтылар мен айнымалы символдары математикалық тілге сәйкес орындалуы тиіс.
Ресімдеу стилі			Ашық және тыныштық күйін сипаттайтын түстердегі фон пайдаланылған оқу материалы нақты қабылданады, көзді шаршатпайды
Түстік гамма			Слайдтарда артқы фонға емес, қажетті элементтерге ғана мән берілуі үшін барлық артқы фондық суреттер мен түстерді қолданбаған дұрыс. Бейнедегі әрбір артқы компонент тындаушы назарын бұзады.

Анимациялар			Анимациялар мен өзге де эффектілерді, әсемдеу тәсілдерін мейлінше тақырыпты ашуға, оқу материалын меңгеру сапасын арттыру мақсатында ғана қолдану қажет!
Бейне суретінің өлшемі	<p style="text-align: center;">640 × 240, 320 × 480, 1920 × 1080</p>	<p style="text-align: center;">640 × 480, 1024 × 768, 1280 × 1024</p>	Бейне суретінің қолайлы параметрлері оның жылдам жүктелуіне, смартфондар мен компьютер экрандарында сапалы көрсетілуіне мүмкіндік береді

Қашықтықтан білім беру технологияларын пайдаланып өткізілетін оқу сабағында:

- мазмұндық тұрғысынан аудиториялық сабаққа балама болуы;
- онлайн, оффлайн режимдеріндегі білім алушы мен оқытушы арасындағы байланыстың жоғары деңгейі қамтамасыз етілуі;
- білім алушылардың оқу материалын игеруі мен өз бетінше білім алуына толыққанды жағдай жасалуы тиіс!